

Степногорск қалалық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 4С-14/3 " Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын-жайды ұстауға, байланыс және тұрғын үй коммуналдық қызметін төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесін бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2009 жылғы 12 желтоқсандағы № 4С-27/3 шешімі. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 қаңтарда № 1-2-125 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 31 қазандағы № 5С-10/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2012.10.31 № 5С-10/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 11), 14) тармақшаларына, «Тұрғын-үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес Степногорск қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Степногорск қалалық мәслихатының «Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын-жайды ұстауға, байланыс және тұрғын үй коммуналдық қызметін төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 4С-14/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-2-106 тіркелген, 2009 жылы 20 ақпандағы «Степногорск Ақшамы» және «Вечерний Степногорск» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімімен бекітілген Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын-жайды ұстауға, байланыс және тұрғын үй коммуналдық қызметін төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесінде: келесі мазмұндағы 19-1 тармағымен толықтырылсын:

«19-1. Қалалық және ауылдық жерлерде тұратын тұрғындар үшін жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін есептік көрсеткіш шамасының бес есе мөлшеріндегі кіріс (саяжай учаскесінен, үйдің жанындағы учаскеден, бақшадан түскен табыстардан басқалары) есептеледі».

2. Осы шешім Степногорск қаласының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Қ а л а л ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
	<i>А.Махатов</i>	
<i>хатшысы</i>	<i>Қ а л а л ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>
КЕЛІСІЛДІ:	<i>Ғ.Көпеева</i>	
<i>қаласының әкімі</i>		<i>С т е п н о г о р с к</i>
	<i>А.Н.Никишов</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК